



« БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданы
білім бөлімінің басшысы
М.Сванов

Бастауыш сынып оқушылары арасында аудандық «Мен елімді сүйемін!» атты патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу байқауын өткізу туралы

Ереже

1. Байқаудың мақсаты:

Бастауыш сынып оқушылары арасында қазақ ақын-жазушыларының патриоттық тақырыпта жазған өлеңдерін насихаттау.

Байқаудың міндеттері:

- оқушылардың оқу мәнерін, сөз саптауын, эстетикалық талғамдарын, шығармашылық қабілеттерін, тұлғалық сезім мәдениетін қалыптастыру;
- оқушыларға поэзияны сүйеге, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, азаматтылыққа бағдарланған дүниетанымдарын дамыту;
- сана-сезімдерін қалыптастыруға, ана тілін құрметтеуге, насихаттауға тәрбиелеу.

2. Байқаудың өткізу тәртібі:

- 1) Байқауға бастауыш сыныптың тек **3-сынып** оқушылары ғана қатысады.
- 2) Аудандық кезеңге мектепшілік кезеңнен бірінші орын алған (бір оқушы) оқушы қатысады.

3. Аудандық байқау екі номинация бойынша өтеді:

1-номинация. «Талаптыға нұр жауар» -қазақ ақын-жазушылардың патриоттық («Отан, Туған жер», «Туған ел», «Ерлік, батырлық», «Тәуелсіздік») тақырыбында 10 өлеңді мәнерлеп жатқа айту. Өлең шумағы 6-дан кем болмауы керек. Қатысушының өзі жаттаған өлеңдерін (авторы жазылу керек) компьютермен теріліп, конкурс басталғанға дейін қазылар алқасына ұсыну қажет.

2-ші номинация. «Өнерлі болсаң – озып көр» - оқушылар қазылар алқасынан ұсынылған өлеңді мүдірмей, нақышына келтіріп, мәнерлеп оқуы қажет.

4. Байқау жеңімпаздарын марапаттау. Жұлделі орын алған оқушыларды марапаттау .

5. Байқауға қатысушылар туралы сұраныс төмендегі кестедегі үлгідей берілуі керек. Сұраныс 22- сәуірге дейін қабылданады.

| № | Оқушының аты, тегі | Мектебі | Сыныбы | Жетекшісінің аты, тегі | Санаты | еңбек өтілі |
|---|--------------------|---------|--------|------------------------|--------|-------------|
| | | | | | | |